

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2022 жылғы ғылыми қызметі туралы ақпарат

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 93 жылдан бері осынау биік миссияны абыроймен атқарып келе жатқан ел тарихындағы тұңғыш жоғары оқу орны. ЖОО қабырғасында С.Асфендияров, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Т.Жүргенов, И.Қабылов, Кеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллин т.б. көрнекті тұлғалар мен мемлекет қайраткерлері еңбек етті. Университетте педагогика, білім беру, тіл білімі, лингвистика және әдебиеттану салаларында танымал ғылыми мектептер қалыптасты.

Барлық уақытта университет өзінің ғылыми кадрлық әлеуетін лайықты түрде көрсетіп отырады:

ҚР ҰҒА академиктері – 7 адам: Е.А. Бектұров, М.Қ. Қойгелдиев, С.С. Қирабаев, А.С. Бейсенова, Г.У. Уәлиев, А.Е. Әбілқасымова, Б.У. Сманов.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшелері – 6 адам: В.Н.Косов, Ф.Ш.Оразбаева, А.Т.Кулсариева, Р.Б.Абсаттаров, Г.К.Кенжебаев, З.Г.Уалиев

Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегерлері – 4 адам: А.С.Бейсенова, Г.У.Уәлиев, М.С.Сабит, М.К. Құлбек.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері – А.С. Бейсенова

Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері – С.Ж.Пірәлиев, М.А.Нуриев.

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар – 6 адам: Е.А.Бөрібаев, А.С.Бердышев, В.Н.Косов, Б.Н.Мыңбаева, Ж.Байшемиров, Д.Достилек

Бүгінгі таңда ғылыми әлеуетті жоғары білікті кадрлар ресурсы қамтамасыз етеді.

ҚР ЖОО ПОҚ Бас рейтингінің Топ-50 құрамына профессорлар В.Н. Косов, Е.А. Бурибаев, Ж.А. Хамзина кірді.

Clarivate Analytics әлеуметтік ғылымдар саласындағы ҚР үздік зерттеушілері болып профессорлар Е.А. Бурибаев, Ж.А. Хамзина танылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 600 бұйрығымен 2022 жылға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия доцент Т.Т. Далаева мен постдокторант А.М. Байкуловаға берілді.

2022 жылы «Үздік ғылыми қызметкер» атағына профессорлар З.А. Мовкебаева, А.С. Бердышев, Т.Т. Аяпова, Ж.К. Нұрбекова ие болды.

2022 жылы ҚР «ЖОО үздік оқытушысы» атағына Д.Шайбакова, А.Сағымбаева, А.Көшербаева, Н. Ысқақова, С. Конева, Н. Калкаева, Д. Сабирова ие болды.

Шетелдік ғылыми журналдардың редакциялық алқа мүшелері мен сарапшылары – профессорлар С.Д. Абишева, Л.В. Сафронова, М.Ш. Мусатаева, В.Н. Косов, Е.А. Бурибаев.

Ғылымның кадрлық резервінің әлеуетін арттыру үшін Абай атындағы ҚазҰПУ-де жыл сайын зерттеуші-профессор және университеттің өз қаражатынан төленетін постдокторлық бағдарламаның стипендиаты лауазымдарына орналасуға ашық конкурстар өткізіледі. Қазіргі уақытта университетте 7 профессор-зерттеуші және 17 постдокторант еңбек етеді.

Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымдары қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының іске асыруға қатысады (жалпы сомасы 290 млн. теңгеге 37 жоба). 2022 жылы зерттеу топтарына **143 оқытушы** қатысты, оның ішінде – **76 жас ғалым; жобалық қызметке қатысатын әйелдер саны – 101.**

Университет жас зерттеушілерді қолдайды. Жыл сайын жас ғалымдардың ғылыми жобалар конкурстары өткізіледі. 2022 жылы университеттің өз қаражаты есебінен жас ғалымдардың жобаларына (15 жоба) 30 млн. теңге бөлінді.

2022 жылы «Болашақ» ғылыми тағылымдамалар конкурсының жеңімпаздары: Д.Сабинова, А.Сейілхан, Қ.Бекбенбетова, А.Қасымбек, С. Сайфулмаликова, А. Ерланқызы, М. Абсатова, А. Құрманбек, А. Өмірбекова, А. Жалалова, Т.Ақылбекова, Д. Қасымбекова, К. Симан, А. Шорабек, Г. Жұмаш.

Басқарма Төрағасы – Ректордың 2022 жылғы 14 ақпандағы бұйрығымен Абай атындағы ҚазҰПУ-де жас зерттеушілер кеңесі құрылды. Кеңес құрамына 32 талантты жас ғалым кірді. Жас зерттеушілер кеңесінің төрағасы болып ҚР БҒМ жас ғалымдар кеңесінің мүшесі болып табылатын постдокторант Шахислам Лайсханов сайланды.

Білімалушылардың әлеуеті туралы:

«Бастауыш тақып педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенті Жарылқасынова Толқынға Президенттік стипендия тағайындалды.

Орыстілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы Айжан Нүсіпбекова «Жыл мұғалімі» құрметті атағына ие болды (2021 ж.). Ол Абай атындағы ҚазҰПУ докторантурасын бітіріп, кафедрада қосымша қызмет атқарады, оның негізгі жұмыс орны – жалпы білім беретін мектеп.

«7M01702 – Орыстілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты Меруерт Ізтілеу Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының «Үздік жас ғалым – 2021» медалімен марапатталды.

«7M01702 – Орыстілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты Рабиға Жәкенова Н.Ә. Назарбаев стипендиясының (2021) иегері болып табылады.

Докторант Мадина Молдағали (мамандығы «Орыстілі мен әдебиеті») 2021 жылы Жас ғалымдар мектебінің «Квантитативті филология» халықаралық жобасының қатысушысы болды, Миколас Ромерус университетінде (Mikolas Romeris University) (Вильнюс, Литва) Литва мемлекеттік бағдарламасы (Lithuanian State Scholarship) бойынша оқу грантын жеңіп алды, онда 2021/2022 оқу жылының 1 семестрі бойы оқыды.

«Химия» мамандығы бойынша PhD докторантура түлегі Суннатулла Каумбаев «Алматының жыл мұғалімі-2021» қалалық байқауында үшінші орынға ие болды.

«Халықаралық құқық» мамандығының магистранты Қарлығаш Құрманғазықызы Жеделова «Қазақстанның үздік магистранты-2021» республикалық байқауында жеңімпаз атанды.

Білім және ғылым интеграциясы (ҚР ҒЗИ-мен ынтымақтастық)

2022 жылғы 2 ақпанда Алматыда ЖОО және ҒЗИ басшыларының кеңесі өтті, оның барысында тараптары ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Ғылым, білім және өндірісті интеграциялау мәселелері талқыланды.

Келісім шеңберінде бірлескен ғылыми зерттеулер мен кадрлар даярлау іске асырылады, магистранттар мен докторанттардың ҚР ҒЗИ зертханаларына, ал олардың қызметкерлерінің ЖОО зертханаларына қолжетімділігі ұйымдастырылады. Осылайша, студенттеріміздің жетекші ұлттық зерттеу институттарында жұмыс істеп, тағылымдамадан өте алады. Сондай-ақ, келісім аясында Abai University-де 13-тен астам бірлескен диссертациялық кеңестер жұмыс істейтін болады, олардың құрамына ЖОО мен ҒЗИ өкілдері кіреді.

Халықаралық жобалар

DAAD желісі бойынша FAU университетінің (Friedrich-Alexander-Universität Erlangen-Nürnberg)

білім берудегі көпқырлылық педагогикасы және халықаралық зерттеулер кафедрасының жобасы шеңберінде «Білім берудің интернационалдандыру» бірлескен жобасы жүзеге асырылады (жоба қатысушылардың сапарға және оқытуға жекетертіп пен қаржыландырады).

Еджисато-қорының (Жапония) «Азия коммуникациясы» жобасы саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасымен бірлесіп табысты жүзеге асырылуда (10 мың АҚШ доллары).

Эразмус+ КазДуалұшжылдықжобасын(73 мыңеуро) іскеасыружалғастырылуда.
Зерттеуші-профессор Л.В. Сафронова Цюрих университетінің«Meidalanscapesof
Russian Literature: Text Reading» жобасыныңқатысушысыболыптабылады.
Аталғанжобаларданбасқа, _____ шетелдікғылымижәнебілім _____ беру
жобаларынақатысуғауниверситеттің 16 оқытушысытартылды.

2022 ж. ғылыми іс-шаралар

Биыл 8 халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Ғылым онкүндігінің маңызды оқиғасы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар болып табылады. Мәселен, 2022 жылғы 27 сәуірде «Ахмет Байтұрсыновтың мұрасы және ұлттық құндылықтар»; 2022 жылғы 29 сәуірде «Ахмет Байтұрсынов – ағартушы-ғалым, гуманист» халықаралық конференциялары өткізілді.

Ғылым онкүндігі аясында (2022 ж. 4-14 сәуір) «А. Байтұрсынұлы тағылымы» атты қалалық зияткерлік байқауы; «Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет зерттеушісі» атты шығармашылық кеші, А. Байтұрсыновқа арналған үздік постерге оқушылар арасында конкурс, ҚР ҰҒА академигі, зерттеуші-профессор М. Қойгелдиевтің «Ахмет Байтұрсынов және Алаш» атты дәрісі және«А. Байтұрсыновтың тілдік мұрасы және оны зерттеу, насихаттау тарихы» атты Онлайн семинар өткізілді.

2022 ж. Қазақстан тарихындағы басқа да көрнекті тұлғалардың мерейтойлық жылы болып табылады. Сондықтан да Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар: 2022 жылғы 4 сәуірде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен және «М.О. Әуезовтің мұражай үйі» ғылыми-мәдени орталығымен бірлесіп «М.О. Әуезовтің шығармашылығы: заманауи дискурсивті зерттеулер, жаңа аудармалар» атты дөңгелек үстел өтті. Сондай-ақ 22-23 сәуір 2022 ж. «Қазіргі заманның сын-қатерлері жағдайында оқушы жастарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің проблемалары мен перспективалары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (С. Көпбаев ат. №186 орта мектебімен бірлесіп)өтті.

Ғылым онкүндігі аясында қазақтың көрнекті мемлекет, саяси және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстарының республикалық конкурсы өткізілді.

2022 жылғы 4-14 сәуірде өткен Ғылым онкүндігінде 153 іс-шара өтті, оның ішінде офлайн режимде – 76, онлайн режимде – 77. Осы іс-шаралардың ішінде:

- Еліміздің және шетелдің басқа ұйымдарынан шақырылған ғалымдардың ғылымның өзекті мәселелері бойынша 13 дәріс; 13 көрме, квест, флеш-моб; 7 шеберлік-сыныбы, білім алушылар үшін 6 экскурсия; 9 ҚР Ғылым ардагерлерімен кездесу; 11 дөңгелек үстел; 4 конференция; 4 викторина; 36 семинар; 30 вебинар; 3 пікірталас; 20 байқау; 1 фестиваль және басқа да қызықты оқиғалар.

Ғылым онкүндігінің басталуы 4 сәуірде жаратылыстану және география институтында үлкен халықаралық жобаның бір бөлігі болып табылатын «Құс жолы» салтанатты ашылуымен және көрмесімен атап өтілді. Көрме жұмысына Зоология институты директорының орынбасары М.Чирикова, Алматы хайуанаттар бағының бөлім меңгерушісі А. Рахимова қатысты. Жалпы, жаратылыстану және география институты ҚР ғылыми-зерттеу институттарымен үнемі тығыз байланыста екенін атап өткен жөн, ал онкүндік күндері ботаника және фитоинтродукция институтының бас директоры Г. Ситпаева Бас ботаникалық бақтың коллекциялық қорлары туралы баяндама ұсынды.

Сондай-ақ, Ғылым онкүндігінің ашылу күні ZOOM платформасында 11 іс-шара өтті, офлайн режимде Студенттік ғылым апталығы «Chemistry of life», «Табиғат – біздің ортақ үйіміз» экологиялық көрмесі, «Данышпан генетик» зияткерлік конкурсы болып өтті. «Ғажайып математика» челленджи, «Robotime stories» студенттеріне арналған викторина және ғылым әлемінен көптеген басқа да қызықты оқиғалар іске қосылды.

Бұдан әрі, онкүндік бойы математика, физика, информатика институтымен студенттерге арналған «ROBOTIME stories» конкурсы өткізілді. «Физ-Мат

көшбасшылары» интерактивті зияткерлік ойыны, Stem-паркке экскурсия, дебаттық турнир, «Білім іздеу» квесті, «Білім алауын беру» Өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды.

Бірақ, 2022 жылғы Ғылым онкүндігінің басты оқиғасы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің мерейтойлық күндеріне арналған іс-шаралар екені сөзсіз. Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойы аясында «А.Байтұрсынұлы тағылымы» атты қалалық зияткерлік сайыс»; «Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет зерттеушісі» атты шығармашылық кеші, ҚР ҰҒА академигі, зерттеуші-профессор М. Қойгелдиевтің «Ахмет Байтұрсынов және Алаш» атты дәрісі, «А. Байтұрсыновтың тілдік мұрасы және оны зерттеу, насихаттау тарихы» семинары өткізілді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен және «М. О. Әуезов музей-үйі» ғылыми-мәдени орталығымен бірлесіп «М.О. Әуезовтің шығармашылығы: заманауи дискурсивті зерттеулер, жаңа аудармалар» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Филология және көптілді білім беру институты студенттер үшін қызықты іс-шаралар өткізді: «The best young scientist 2021» шығармашылық конкурсы; араб, кәріс, қытай, түрік, ұйғыр мәдениеттерімен танысу форматында «Шығыс әлеміне саяхат»; дебаттар. Әдеби қонақ бөлмесі (Алматы Орыс үйімен, №165 мамандандырылған лицей оқушылары және Алматы кітап баспасымен бірлесіп); профессор Д.Д. Шайбақованың «Лингвистикадағы ғылыми идеялардың жалпылануы» атты актілік дәрісі, «Жастар. Ғылым. Кәсіби даму» (поляк ғалымдарының, Абай ат. ҚазҰПУ түлектері М.Пономаренко, Ю. Серебрянский, И. Смирновтардың шақыруымен), «Ғылым – адам өмірінде ең маңызды, ең әдемі және ең қажетті» **Жастар ғылыми фестивалі** өткізілді.

Өнер, мәдениет және спорт институты студенттерді шығармашылық мамандықтар бойынша даярлауға байланысты, Қазақстан-жапон мәдени байланыстарын дамыту шеңберінде «Композиция және түс», «Портреттік реализм» шеберлік сыныптарына, балерина Хашимото Арисаноның (Киото қ., Жапония) шеберлік сыныптарын өткізді. Алматы қ. өнер мектебі оқушыларының «Әлем балалардың көзімен» атты көркем көрмесі, Невзоров бейнелеу өнері мұражайы (Семей қ.) бойынша онлайн экскурсия өткізілді. Өткен бірқатар іс-шаралар футбол турнирлеріне арналған.

Тарих және құқық институтында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Жолдауын талқылауға арналған дөңгелек үстел гуманитарлық маңызы бар маңызды іс-шаралар болып табылады. Естелік іс-шаралар арнасында ҚР ҰҒА академигі, профессор-зерттеуші М.Қойгелдиевтің «Ахмет Байтұрсынов және Алаш», көрнекті қазақ мемлекет, саяси және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстарының республикалық байқауы өтті.

«Заңгер» клубы ғылыми жұмыстардың көрмесін ұйымдастырды, Кембридж университетінің түлегі, докторант Д.Асанованың «Қазақстандағы әйелдер мұражайлары: жаңа цифрлық дәуірдегі перспективалар» тақырыбына дәрісі, «Арнайы педагогика: Логопедия» мамандығы студенттерінің қатысуымен «Көшбасшылық және жастар» тақырыбына дебаттық турнир өткізілді. Сонымен қатар, «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі» РМҚК-ның көшпелі фото-көрмесі және Боралдай сақ қорғандарына экспедициясы өткізілді.

Сорбонна-Қазақстан институты «ҚР Конституциясы – мемлекеттің негізгі заңы» атты студенттік Олимпиада-викторина және көрнекті заңгер И.И. Роговпен Заңгерлік диалог өткізді. «Қазақстанның заманауи дипломатиясы» дөңгелек үстелі, «Қазіргі кезеңдегі отбасы құқығы» (Famille loi-2022) халықаралық құқық кафедрасы студенттерінің ғылыми баяндамаларының байқауы, «Үздік студенттік презентация» ұйымдастырылды.

Педагогика және психология институтында Жас ғалымдардың «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық қызметі: идеядан нәтижеге және білім берудегі инновациялық өнімдерге» зерттеу жұмыстарының байқауын ерекше атап өтуге болады. «Сабақтағы мультимедиялық презентация» атты ғылыми-әдістемелік воркшоп, «Мектепке

дейінгі білім берудің жас педагогтары: әдістемелік сүйемелдеудің жағдайы мен болашағы» атты педагогикалық форум өтті.

Ғылым онкүндігі кезінде көптеген жемісті жұмыстар атқарылды, мазмұнды ғылыми пікірталастар барысында жаңа қызықты идеялар мен бастамалар жасалды. Іс-шараларға университет басшылығы: ректор, проректор, ғылым департаментінің директоры мен қызметкерлері қатысып, қызықты, оқиғалы сайенс-ивенттер ретінде атап өтілді.

2022 жылғы Ғылым онкүндігінің соңында университет өміріндегі осы жарқын оқиғаның салтанатты жабылуы өтті.